

Баланы қалай қабылдау керек

Ш. Амонашвили

Ата-аналарға ақыл-кеңес ретінде

- Бала – біздің өміріміздегі кездейсоқтық емес, заңды құбылыс. Оның дүниеге келу себебі адамның адамға қажеттілігінде. Адам тек адам арқылы ғана қалыптасады. Бала дүниеге келгенде-ақ оның өз орны айқындалады.
- Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз шексіздікті танып білуге ұмтылады. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі.



Тәбет орынсыз үрсе, күшік бұзылады, - дейді

Қ.Мырзалиев

Құрметті ата-аналар!

**Сіздердің отбасындағы өмірлеріңізде
салтанатты сәт туындап отыр.**

**Сіздердің сәбилеріңіз өмір баспалдағына
жаңа қадам басқалы тұр. әрине, сіздер
сол баспалдақпен балаларыңыздың
сенімді де байсалды көтерілгенін
қалайсыздар. Біздің ортақ міндетіміз
оның жолында кездесетін
қиындықтарды жеңу болып
табылады.**



Достыққа мен де жауап қайтара аламын!



Менің де өкпелеуге құқым бар емес пе!?

Ата-аналар үшін отбасылық тәрбие ол-баланың дене және жан рухани қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Әрбір әке мен әрбір ана балаларына қалай тәрбие беру керектігін түсінуі керек. Бұрын тәрбиелеуге кіріскенде, көптеген ата-аналар өзінің толық тәрбие алмағандықтарын түсінеді. Әркім алдымен өзін тәрбиелеуден, педагог болуға үйретуден бастау керек. Отбасындағы тәрбие әдісі- бұл ата-ананың баланың түйсіктері мен іс-әрекеттеріне әсер ететін мақсатқа бағытталған педагогикалық жол (әдіс), бірақ өзінің ерекшелігі де бар:

-балаларын жеке және нақты әрекеттер негізінде әсер ету

-әдістерді таңдау ата-аналардың педагогикалық мәдениеттілігіне: тәрбиенің мақсатын түсінуі, ата-ананың ролін, отбасындағы қарым-қатынасты түсінуіне байланысты.

Сондықтан отбасылық тәрбие әдістері әсіресе ата-аналарына байланысты. Қанша ата-ана болса, соншама әдістің түрлері де бар.

Бала - адамның бауыр еті
Келісесіз бе?

Мені қазір түсіне алмасаң, кейін мүлде кеш болады!!!

